

бұйырады, суреттермен жұмыстар, тарих, география сабақтарында қолданылатын арнайы карталармен жұмыс түрлерін жасату арқылы, оқушыларды әрі сабаққа қызықтырып, әрі жеткен жетістіктерін де бірден бағалауға болады.

Mirrog- мұғалімнің бейнесі арқылы жасалған түрлі смайликтермен кері байланысты беруге болады. Бұл көбіне бастауыш, орта буын оқушыларының арасында өте қызықты болады. Тек қана кері байланыс емес, өтілетін сабақтың тақырыбын жазуға да болады.

Kundelik.kz, Daryn online, Bilimland, Google Classroom- еліміз бойынша қолданып келе жатқан платформалар болып табылады. Бұл платформалардың тиімділігі туралы кез келген оқушыдан бастап, түгел ұстаздар қауымы біледі.

Оқушының оқу жетістіктерін бағалау үшін арнайы платформаның болуы шарт деген де қате көзқарас. Егер мұғалім тарапынан позитивті, ынталандыруға бағытталған, өзіне деген сенімділігін арттыруға көмектесетін жалынды сөздердің өзі ретімен айтылар болса, ешқандай платформаның қажет болмайды. Себебі, оқушы мен ұстаз арасындағы тығыз қарым-қатынасқа арадағы қашықтық әсер етпеуі тиіс.

Тиімді кері байланыс оқушыларға өздерінің оқуының қай жерде екендігін түсінуге және танымдық жағынан енді қай бағытта даму керектігін айқындауға көмектеседі. Сонымен қатыр, оқушыға берілер кері байланыс тиімсіз болса, олар оны тыңдай бермейді, ал тиімді берілген кері байланыс арқылы оқушының өзіне деген сенімділігін арттыруға болады.

Кері байланыс әрекетін ұйымдастыруда көзделетін басты мақсат: оқушының саналы ішкі рефлексиясын даярлау, сол арқылы қазіргі кездегі маңызды болып саналатын өз бетімен еңбектену, бәсекеге қабілетті болу, алғырлық сияқты қабілеттерін дамыту болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абилова. Ж.Т. Жаңа технологияның пайдалану тиімділігі. Абилова. Ж.Т. Жаңа технологияның пайдалану тиімділігі
2. Сайт: www.edu.gov.kz

Ақтаева Жанаргүл Қуаныштаевна

Қарағанды қаласы №78 орта мектебі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Ақылжан Торғын Болатқызы

Қарағанды қаласы №78 орта мектебі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАТИВТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНДЕ ЖАҢАШЫЛ ТҰРҒЫДА ҚОЛДАНУ

Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесі ақпараттандырудың жаңа деңгейіне өтуде. Бұл үрдіс қоғамды ақпараттандырудың, яғни экономика, ғылым, мәдениеттің дамуының алғы шарттарының бірі.

Білім саласындағы жаңа көзқарас тұлғаның дамуы мен нәтижеге бағытталған білім беруді көздейді. Сондықтан, білім жүйесін құру, оқушыларға қазіргі заман талабына сай білім беру – бүгінгі күннің ең өзекті мәселесі.

Біздің мақсат, қазақ тілі сабақтарында тиімді технологияларды қолдану арқылы, оқушылардың іскерлік белсенділігін, дербестік әрекетін және шығармашылық потенциалын нығайту үшін, жағдайлар жасау

Бүгінгі таңда қазақ тілі пәні мұғалімдерінің кәсіби құзырлығы құрылымынан оқытудың ақпараттық – коммуникациялық технологиялары ерекше орын алады.

Жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз – білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға беру үрдісі. Бұл үрдісті іске асырудың негізі компьютер болып табылады.

Компьютер – мұғалімнің басты көмекшісі. Ең біріншіден, ол мұғалімнің еңбегін жетілдіреді. Көптеген материалдарды, дайын сабақтарды реттеп сақтауға мүмкіндік береді. Екіншіден, компьютердің арқасында мұғалім әр сабаққа оқушылардың ерекшелігіне қарай және сабақтың мақсатымен міндетін ескере отырып, әртүрлі кеспелер, материалдар дайындай алады.

Үшіншіден, сабақтың формаларын түрлендіре алады, яғни көрнекілік, әдістемелік, аудио және бейнематериалдар қолдана алады. Мұндай жұмыс сабақтың әр кезеңінде іске асырылады.

Ақпараттық технологиялардың бірі – интерактивтік тақта, мультимедиялық және он-лайн сабақтары. Өзім қызмет жасайтын мектепте жаңа ақпараттық технологияларды қолдану кеңінен қарастырылған. Мектеп кебинеттерінде интерактивті тақта орнатылған. Сондықтан бұл тақтамен әр сабақты қызықты өткізуді ойластырып, жоспарлаймын.

Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнін оқытуда да ақпараттық технологияларды қолданудың мүмкіндіктері өте мол. Мәселен, 5-сыныпта әдебиетпен танысу халық ауыз әдебиетінен басталады. Бұл блокта оқушылар тұрмыс-салт жырлары, мақал – мәтелдер, ертегілер сияқты ауз әдебиеті үлгілерімен танысады. Оқушылардың мақалдарды түсініп, есте сақтауын қамтамасыз ету мақсатында интерактивті тақтаның көмегі зор. Мұғалім тақтаның сурет салу редакторы арқылы тақтада мақалдарды ребус түрінде береді, оқушылар сол ребусты шешеді. Келесі сабаққа өздері де ребус ойлап тауып, тақтаға салып, басқа оқушылардың шешуін сұрайды. Поэзияға тоқталатын болсақ, бұнда да ақпараттық технологиялардың да алар орны зор. Оқушыларға әуелі слайд көрсету арқылы өлең авторының өмір жолымен таныстырып, осы өлеңнің шығу тарихына ерекше тоқталып, мазмұнын меңгертіп, электронды оқулықта берілген әр түрлі интерактивті тапсырмаларды орындатамын. Жоғары сыныптарда роман, әңгімелерді оқыту үлкен қиыншылықтарға әкеп соғады, себебі балалар кітап оқып отырғаннан компьютерде көбірек отырғанын қалайды. Осы мәселенің шешуін де ақпараттық технологиялар көмегімен табуға болады. Мәселен, романды оқуға екі немесе үш сағат берілсе, білімді бекіту сабағында электронды оқулық бойынша тест және т.б. бақылау түрлерін өткізу, оқушылармен пікірталас жүргізуге болады. Үй тапсырмасы ретінде шығармашылық топ құрып, соларға осы роман немесе әңгімеден үзіндіні кино қылып түсіріп, келесі сабақта интерактивті тақта арқылы сол киноны сыныпқа көрсетуге болады. Міне, осындай ақпарат құралдарының көмегімен сабаққа қатысу белсенділігі төмен оқушылардың да қызығушылығын арттыруға болады.

Қазақ әдебиеті сабақтарында ақпараттық технология келесі жұмыс түрінде де қолданысын табады. Бұл оқушылардың аса шығармашылығын талап ететін жоба жұмысы. Бұл жұмыс түрін жүргізгенде оқушылар техникалық құралдарды қолдану арқылы жобасын дайындайды. Мәселен, сабақта ақын-жазушының шығармашылығымен танысу үшін арнайы топ құрылып, тақырып бойынша терең мағлұмат жинап, онымен бүкіл сыныпты таныстыру мақсатында балалар мұражай қызметшілеріне, белгілі әдебиетші, тарихшыларға барып сұхбат алып, тақырыпқа байланысты материалдарды суретке түсіріп, жалпы толық бейнематериал жинақтайды. Жиналған мағлұматтарды компьютер арқылы өңдеп, қысқаша деректі фильм етіп шығарады. Содан соң бұл фильмді сабақ үстінде сынып назарына ұсынады. Осындай өзгеше жұмыс түрлерін өткізу арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, олардың пәнге деген қызығушылығын оятуға, дарынды тұлғаны қалыптастыруға әбден болады.

Қазақ тілі сабағында логикалық жүйеге құрылған бағдарламаларды пайдалану арқылы өтілген тақырыптардан қайталау, пысықтау, мәтінді оқыту барысында талдау сияқты тапсырмаларды орындатуға болады. Фонетиканы, морфологияны оқытуда компьютерді пайдаланудың өз реті болады.

Мысалы

1. Қазақ тілі фонетикасын оқыту барысында сөздегі не сөйлемдегі дауысты, дауыссыз дыбыстар санын компьютерде анықтаудың бағдарламасын іздеп табады.
2. Сөз құрамында керекті әріпті табу бағдарламасын құр деп тапсырма беруге болады.
3. Тест арқылы тапсырманы сұрау, оған дұрыс жауап алу арқылы оқушы білімін бағалауға болады.

Жұмыстарын тексере отырып, нәтижесінде оқушылар көркем әдеби тілде өз ойын ұшқыр жеткізуге дағдыланады.

Соңынан мұндай тапсырмаларды оқушылар бірінен-бірі оқу арқылы көркем әдебиет тілін кеңінен меңгереді.

Жаңа ақпараттық технологияның басты тиімділігі – бұл мұғалімге қазақ тілі мен әдебиет сабақтарындағы оқу үрдісін түбегейлі өзгертуге, оқытудағы пәнаралық байланысты күшейте отырып, оқушылардың дүниетанымдарын кеңейтуге және қабілеттерін көре біліп, оны дамытуға толық жағдай жасауы.

Ақпараттық – коммуникациялық технологияның бір түрі – “*ActivStudio*” бағдарламасының көмегімен жұмыс жасайтын *интерактивті тақтаны* пайдалану.

Интерактивті тақтаны төмендегі мақсаттарға пайдалануға болады:

1. Жаңа сабақты түсіндіру немесе бекіту кезеңдерінде аудио, бейнематериалдарды, слайдтарды, электрондық оқулықтарды оқушыларға көрсету және флипчарттарды қолдану арқылы оқушылардың белсенділігін арттыру үшін

2. Кәдімгі тақта сияқты, жаттығулар орындау, сөйлемдерді талдау, мазмұндама, шығармалардың жоспары туралы пікірлесу үшін

3. Оқушылар топтарға бөлініп жұмыс жасағанда, пікір таластары кезінде олардың өз ойларын бөлісуіне арналған алаң ретінде

4. Оқушылардың алған білімдерін тексеру – тест өткізу үшін

Бүгінгі баяндама флипчарттар туралы, яғни оларды жасау және пайдалану туралы қысқаша әңгіме болып табылады. Ол үшін өз жұмысымынан бірнеше мысал келтірейін:

1. Жеміс – жидектердің, көкөністердің, жануарлардың аттарымен, жер – су аттарымен таныстырғанда бекіту кезеңінде флипчарт түрінде жасалған интерактивті ойындар өткіземін

2. Морфологияны үйрену барысында “Сыйқырлы қоржын”, “Буынды тап” және т. б. флипчарттарын пайдаланамын

3. Сөйлемді синтаксистік талдау барысында “Бұл сөйлемнің қай мүшесі?” флипчартын қолданамын

4. Интерактивті тақтаның және дауыс беруге арналған құрылғының көмегімен тест өткіземін
Осылардың кейбірін сіздердің назарларыңызға ұсынғалы отырмын

Қорытып айтқанда:

Интерактивті тақтаны сабақта қолдану бірнеше мәселенің шешімін табуға көмектеседі:

1) Оқушылардың белсенділігін және сабаққа деген қызығушылығын күрт арттырады, өйткені оларға берілген тапсырмалар визуалды – яғни көрнекі болып табылады және оларды ойын ретінде ұйымдастыруға болады

2) Жаңа сөздерді, жер – су аттарын, жеміс – жидектердің, көкөністердің, жануарлардың аттарын тез қабылдап, жаттап алуға мүмкіндік береді, өйткені бұл сөздер мен сәйкес бейнекөрініс арасында ассоциациялық байланыс жеңіл орнатылады

3) Оқушылардың білімін тексеруді жеңілдетіп, уақытты үнемдейді

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана: Елорда, 2008.
2. Түсіпова А. Компьютер-оқытудың жаңа ақпараттық технологиясы. Қазақстан мектебі, 2004.